

Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 61/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 желтоқсанда № 6537-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес, Абай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданының аумағында инватакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) психиатрдың есебінде тұрған, жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 2) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар;
- 3) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

С. Оспанов